

"Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 906 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8968 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жолдауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты

элеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова

2013 жылғы 26 қараша

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің

2013 жылғы 20 қараша

№ 906 бұйрығымен

бекітілген

«Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау» кәсіби стандарты

1. Жалпы бөлім

1. «Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау» кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) «Автокөлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіптік қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын р е т т е у г е ;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде қызметкерлердің құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар,

ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі параметрлері бойынша жіктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек мәні – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағыттталатын зат;

4) еңбек құралдары – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас б ө л і г і ;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

11) лауазым – қызметтік өкілеттіктер және қызметтік міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты і с - қ и м ы л ж и ы н т ы ғ ы ;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ)– салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ)– еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – бір немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын қызметкердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты мынаны анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызметтің түрін жалпы жіктеуші (бұдан әрі - ҚР МЖ 03-2007) «45.20 Автокөлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты: автокөлік құралдарын келесі жөндеуге дейінгі ресурсын анықтау;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрілерінің (кәсіптің) карточкалары 1-параграф « Автокөлік құралдарының техникалық күйінің диагностикасы инженері»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4, 5, СБШ бойынша – 4, 5;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышы базалық тобы бойынша (бұдан әрі – ҚР МС 01-2005): 2145 «Машина жасаушы технологтар, инженер-механиктер»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: автомобильдерді диагностикалау постының инженері, автокөлікті диагностикалау инженері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - субъектімен келесі жөндеуге дейінгі техникалық жағдайын және қалған ресурсын бағалау үшін автокөлік техникасын диагностикалау бойынша шараларды ұйымдастыру мен іске асыруды жүзеге асыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіптік білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Автокөлік құралдарының техникалық күйінің диагностикасы инженерінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізбесі

7. КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

8. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

9. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

10. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында көзделген КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркелуі

11. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

12. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.
«Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау» кәсіби стандартына 1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының процестерін ескерумен кәсіптің атауы	ҚР 01-2005 МС сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойы разряды
Автокөлік құралдарының техникалық күйін диагностикалау және бағалау	Автокөлік құралдарының техникалық күйінің диагностикасы инженері	Инженер-механик	4-5	-

Ескертпе: БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

«Автомобильдің техникалық жағдайын диагностикалау»

Ф1	Автокөлік құралдарының ақауын табу бойынша күрделі технологиялық операцияларды орындауға қатысу
Ф 2	Бақылау-диагностикалық жабдықтарын монтаж бен баптауға қатысу
Ф 3	Автокөлік құралдарын диагностикалау технологиясын сақтауын бақылау
Ф 4	Бақылау-диагностикалық жабдықтарын техникалық жағдайын және жинақтауын бақылау
Ф 5	Диагностикалау нәтижелері мен қалған жұмыс ресурсы туралы мәліметтерді белгілей отырып : кәсіпорынның техникалық қызмет көрсету басшылығына хабарлай отырып автокөлік құралдары техникалық күйін диагностикалау құжаттамаларын жүргізу
Ф 6	Автокөлік құралдарының техникалық күйін диагностикалау бойынша жоспарлық тапсырмалар орындалуын бақылау
Ф 7	Автокөлік құралдарының техникалық күйін бағалауға арналған стационарлы және жылжым бақылау-диагностикалық құралдардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету
Ф 8	Кәсіпорындардың бақылау-диагностикалық құралдарының персоналын біліктілігін жоғарылату үшін беруді ұйымдастыру
Ф 9	Автокөлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеудің барлық түрлеріндегі диагностикалық жұмыс тізбесін, автокөлік құралдарының келесі жөндеуге дейін ресурсын анықтау
Ф10	Диагностикалаудың алдыңғы қатарлы технологияларын және бақылау-диагностикалық жабдықтар неғұрлым орынды пайдалану әдістерін енгізу
Ф 11	Диагностикалау посттарын жобалауға және автокөлік құралдарының, агрегаттар мен тораптар техникалық күйін диагностикалаудың технологиялық процестерін әзірлеуге қатысу
Ф 12	Автокөлік құралдарының диагностикаланған саны және оның анықталған қалған ресурсы туралы е кәсіпорындағы техникалық қызмет басшылығына ұсыну

Ескертпе: Ф – функция.

«Автокөліктің техникалық жағдайын бақылау-диагностикалау» кәсіби стандартына 4-қосымша

КС бірліктерінің сипаты

1-кесте

«Автокөлік құралдарының техникалық күйінің диагностикасы бойынша инженері» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білім
Ф 1	Автокөлік құралдары, автокөлік құралдарының	Бақылау-диагностикалық жабдықтар	М 1-1 Бақылау-диагностикалық жабдықтарды іріктеу	Диагностикалаудың қажетті техникалық құралдарын таңдау дағдылары	Бақылау-диагностикалық жабдықтардың техникалық күйін бақылау және жөндеу нормативтік техникалық қызметінің қарсы

	жабдықтары, тораптары және агрегаттары		М 1-2 Автокөлік құралдарының ақауларын табу бойынша күрделі техникалық операцияларды орындау	Автокөлік құралдарының ақаулығын табу бойынша қажетті технологиялық операцияларды таңдау дағдылары	Авто құрал ақау бойынша опера орынд
Ф 2	Бақылау-диагностикалық жабдықтар	Бақылау-диагностикалық жабдықтардың баптау аспаптары мен құралдары	М 2-1 Бақылау-диагностикалық жабдықтарды монтаж бен баптауды орындау М 2-2 Бақылау-диагностикалық жабдықтары жұмыстары дұрыстығын калибрлеу және тексеру	Автокөлік құралдарының диагностикалау құралдарын монтаждау, пайдалану және қызмет көрсету дағдылары	Авто құрал техн диагностика техно. лау-ди жабд пайда. жөнде нұсқау
Ф 3	Автокөлік құралдарының диагностикалау процесі	Диагностикалауды өткізу технологиясын регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттар	М 3-1 Автокөлік құралдарының техникалық күйін диагностикалау жұмысын жүргізуді бақылау М 3-2 Техникалық стандарттарға сәйкестігін тексеру	Автокөлік құралдарының диагностикалау құралын техникалық пайдалану дағдылары	Диagn жүргі регла норма құжат Технi стандарда реглам
Ф 4	Бақылау-диагностикалық жабдықтар	Бақылау-диагностикалық жабдықтардың күйін техникалық тексеру құралдары	М 4-1 Бақылау-диагностикалық жабдықтардың дұрыстығын және техникалық күйін бақылау М 4-2 Бақылау-диагностикалық жабдықтардың жинақталуын тексеру	Автокөлік құралдарының диагностикалау құралдарын пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу бойынша дағдылары Аспаптарды, техникалық құралдар мен жабдықтарды түгендеу бойынша дағдылары	Ба бакыл: жабды сипатн норм: көрсет Ба бакыл: жабды тұруді және жүргі матер қосалы шығы
Ф 5	Автокөлік құралдарының техникалық күйін диагностикалау бойынша құжаттама	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары	М 5-1 Диагностикалау қорытындылары туралы, автокөлік құралдарының техникалық күйі туралы, жөндеуге дейінгі қалған жұмыс ресурсы туралы деректерді тіркеу М 5-2 Автокөлік кәсіпорындарының	Статистикалық деректермен жұмыс жасау және есептеуіш техника құралдарының көмегімен деректерді өңдеу дағдылары Кәсіпорын қызметінің	Диagn дерект автоке қалған анықт еңбек норма.

			техникалық қызметіне есеп беру түрінде алынған деректерге қол қою және тапсыру	стратегиясына әсер ететін деректері бар техникалық құжаттаманы дайындау дағдылары	техникалық санитарлық қарсы
Ф 6	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесі	Автокөлік құралдарының техникалық күйін диагностикалау бойынша жоспарлық тапсырмалар, есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары	М 6-1 Кәсіпорынның автокөлік құралдарын диагностикалаудың жоспарлық тапсырмаларын құру және беру	Автокөлік құралдарын диагностикалауда іс-шараларды жоспарлау дағдылары	Өндіріс басқару еңбек принциптері нормативтік құжаттар
			М 6-2 Жоспарлық тапсырмалардың орындалу жағдайын тексеру	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесін басқару дағдылары	Автокөлік құралдарын диагностикалау ұйымды және әдістер
Ф 7	Автокөлік құралдарының диагностикалаудағы стационарлы және жылжымалы бақылау-диагностикалық құралдары	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары, автокөлік құралдарын диагностикалаудан өткізген нәтижелерін қамтитын құжаттама	М 7-1 Стационарлы және жылжымалы бақылау-диагностикалық құралдар жұмысын талдау	Автокөлік құралдарын диагностикалауының өндірістік көрсеткіштерін талдау дағдылары	Бақылау құралдарының пайдалану ережелерін білу
			М 7-2 Кәсіпорынның стационарлы және жылжымалы бақылау-диагностикалық құралдарын қолдану тиімділігін арттыру туралы ұсыныстарды әзірлеу	Автокөлік құралдарын диагностикалаудың технологиялық процесінің рационализация мен жаңарту дағдылары	Бақылау құралдарының арттыру олардың тиімділігін тәсілдер
Ф 8	Кәсіпорындардың бақылау-диагностикалық құралдары персоналының біліктілік деңгейі	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары	М 8-1 Персоналдың біліктілігін жоғарылату іс-шараларын өткізу	Кәсіпорын қызметкерлерін техникалық оқытуын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу дағдылары	Персоналдың білім деңгейін арттыру принциптері қорғау нормативтік техникалық санитарлық қарсы ережелер
			М 8-2 Өткізілген іс-шаралардың нәтижелерін тексеру	Персоналды бағалау бойынша іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу дағдылары	Персоналдың білім деңгейін арттыру әдістері
			М 9-1 Автокөлік құралдарының өткізілген	Автокөлік құралдарын диагностикалау нәтижелерін өңдеу	Диагностикалық деректерді автокөлік құралдарына қалған

Ф 9	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесі	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары автокөлік құралдарының өткізілген диагностика нәтижелерін қамтитын құжаттама	диагностика нәтижелерін талдау	процесін ұйымдастыру және басқару бойынша дағдылары	анықт басқар білу
			М 9-2 Талдау негізінде автокөлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі диагностикалық жұмыстар тізбесін әзірлеу және автокөлік құралдарының қалған жұмыс ресурсын анықтау	Кәсіпорындағы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде диагностикалық жұмыстарын іріктеу дағдылары	Кәсіп автоке техни көрсет процес процес қажетт жұмыс
			М 9-3 Нәтижелерді кәсіпорынның ішкі басшылық құжаттары түрінде ресімдеу және оларға қол қою	Кәсіпорындағы ішкі басқарушы құжаттары түрінде нәтижелерді ресімдеу дағдылары	
Ф 10	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесі	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары	М 10 - 1 Ғылыми-техникалық ақпараттарды талдау, автокөлік құралдарының диагностикалау құралдарын дамыту үрдісін зерттеу	Ғылыми-техникалық ақпараттарды талдау , автокөлік құралдарының диагностикалау құралдарын дамыту үрдісін анықтау бойынша дағдылары	Ғылым ақпарат заманн білу
			М 10-2 Кәсіпорынның диагностикалау жабдықтарын автокөлік құралдарын диагностикалау құралдарының қазіргі заманғы дамыту деңгейіне және бәсекелестікке қабілеттілік деңгейіне сәйкестікті талдау	Кәсіпорынның диагностикалау жабдықтарын автокөлік құралдарын диагностикалау құралдарының қазіргі заманғы дамыту деңгейіне және бәсекелестікке қабілеттілік деңгейіне сәйкестігін анықтау дағдылары	Қазіргі тендег автоке диагнс жаңғы принц
Ф 11	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесі	Есептеу техникасының, коммуникация және байланыс құралдары	М 11-1 Кәсіпорынның автокөлік құралдарын диагностикалау посттарын жобалау	Кәсіпорынның автокөлік құралдарын диагностикалау посттарын жобалау бойынша дағдылары	Авто құрал диагнс өткізу кәсіп инфра объект әдістер
			М 11-2 Автокөлік құралдарының, агрегаттар мен	Автокөлік құралдарының техникалық	Авто құрал техни

			тораптардың техникалық күйін диагностикалаудың технологиялық процесстерін әзірлеу	жағдайын диагностикалаудың технологиялық процесстерін әзірлеу бойынша дағдылары	диагностикалық процестер әдістері
Ф 12	Автокөлік құралдарын диагностикалау процесі	Есептеу техникасы, коммуникация және байланыс құралдары, автокөлік құралдарының өткізілген диагностикалау нәтижелерін қамтитын құжаттама	М 12-1 Диагностикадан өткен автокөлік құралдардың санының және олардың қордағы қалдықтарын табу есебін құру М 12-2 Автокөлік құралдарының диагностикаланған саны және оның анықталған қалған ресурсы туралы есебіне қол қою	Кәсіпорын қызмет стратегиясына әсер ететін деректерді қамтитын техникалық құжаттамаларды жасауды басқару мен қадағалау бойынша дағдылары	Диагностикалық есебін әдістер құрал жұмыс

Ескертпе: М – міндет.

«Автомобильдің
жағдайын
кәсіби
5-қосымша

стандартына

техникалық
диагностикалау»

Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісу күні
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

Осы КС _____ тіркелді.
Кәсіптік стандарттардың реестріне № _____ тіркелді.
Хат (хаттама) № _____ Күні _____